

№8 жалпы орта білім беретін мектеп

Орталық Қазақстан

шаруашылық географиясы







Қарағанды облысы

Негізгі мәңгеруіміз керек?



1. Орталық Қазақстанның экономикалық жағдайы
2. Табиғат ресурстары
3. Халқының тығыздығы
4. Өнеркәсібінің негізгі бағыттары
5. Ауыл шаруашылық салаларын
6. Көлігі
7. Ірі өнеркәсіп қалалары

Орталық Қазақстан

- Аумағы – 428 мың шаршы км
- Құрамы – Қарағанды облысы
- Халқы – 1 339,4 мың адам
- Халқының тығыздығы : 1 шаршы км-ге 3,1 адамнан келді
- Қала халқы – 86% ҚР халқының 11% -дан астамы тұрады
- Географиялық орны . Орталық Қазақстан республикасының шағын әрі тұйық Нұра және Сарысу өзендерінің алабы алып жатқан ортанғы бөлігі – ежелгі таулы өлке – Сарыарқаға, батысында Ұлытаудан және шығысында Алтай жоталарына дейін орналасқан .
- Табиғай байлықтары . Тас көмір, мыс, темір және марганец кендері , полиметалдар, сирек және шашыранды металдар, әр түрлі отқа төзімді балшықтар, басқы да құрылыс материалдары бар.

Табиғат жағдайлары

- Орталық Қазақстанның табиғат жағдайлары ауыл шаруашылығын, әсіресе егіншілікті дамытуға онша қолайлы емес .Жердің климаты республиканың басқа аудандардың климатымен салыстырғанда **неғұрлым континентті** , жазы ыстық және құрғақ, ал қысы суық, қары аз ,күшті жел соғып тұрады . Жауын-шашын аз жауады .
- Солтүстігінде Қарағанды және Қарқаралы ауданында жауын-шашынның мөлшері **300 мм-ге дейін** жетеді, бұл суармайтын егіншілікпен айналысуға мүмкіндік береді .
- Осы жерлерден астық тұқымдастар өсетін құрғақ **дала зонасының жіңішке алқабы** өтеді, топырағы **қоңыр қызыл**,
- ал ауданның бүкіл ортаңғы бөлігін **ақшыл қызғылт** топырағы бар **шөл дала зонасы** алып жатыр, оңтүстік бөлігі жусанды , күйреуікті шөл зонасына өтеді, бұл зона,мал жайылымы ретінде пайдаланылады. Негізінен етті-майлы еділбай қойы өсіріледі

Шаруашылық географиясы

- Орталық Қазақстанның экономикалық негізін **кен өндіру** өнеркәсібі мен **металлургия** құрайды, сонымен бірге **машина жасау** (Қарағанды) мен **химия өнеркәсібі** (синтетикалық каучук-Теміртау, күкірт қышқылы-Балхаш, резина тех бұйымдар-Саран.) дамып келеді. Өнеркәсіптік тұрғыдан алғанда, өзара тығыз байланысты ірі кен өндіруші және өндеуші өнеркәсіптің дамуы Орталық Қазақстанда бірыңғай аумақтық-өнеркәсіптік кешеннің қалыптасуына себепші болды . Оны, негізінен, 2 өнеркәсіп торап(**Қарағанды-Теміртау, Балқаш-Жезқазған**) құрайды Орталық Қазақстандағы өнеркәсіп торабының ең қуаттысы әрі дамығаны – **Қарағанды-Теміртау** торабы.



Қарағанды облысы




- Құрылуы: 10 наурыз 1932 ж
- Облыс әкімі: Ахметов Серік Нығыметұлы
- Облыс 9 ауданға бөлінеді
- Халқы (2010) 1 339 400 адам. (8,6 %, 4-ші орында)
- Қазақтар- 44,68 %, Орыстар - 39,17% ж/е басқалар.
- Жер аумағы: 428 мың. км² (15,7 %, 1-ші орын)
- Теңіз деңгейінен ең биік нүктесі : 1500м
- Сағаттық белдеуі: UTC + 6
- Телефон коды: + 8 721
- Почта индексі: 100000
- Интернет-домені krg.kz
- Көлік номерінің коды: M

Қарағанды қаласы



1. Орталық Қазақстан экономикалық ауданы бір ғана Қарағанды облысынан тұрады. Ол Қазақстандағы аумағы жағынан ең үлкен облыс.
2. Климаты басқа аудандармен салыстырғанда неғұрлым континентті, жазы ыстық құрғақ ал қысы суық, күшті жел соғып тұрады. Жауын-шашын аз жауады
3. Орталық Қазақстан су ресурсына тапшы аудан болып есептеледі.
4. Солтүстігіндегі жіңішке алқапты қызыл-қоңыр топырақты белдеуінен өзге жері егіншілікке қолайлы емес, ауданда мал шаруашылығы дамыған.
5. Орталық Қазақстан марганец кенінің барланған қоры бойынша дүние жүзінде 3-орын, ал ТМД елдері арасында Украинадан кейін 2-ші орында.
6. Орталық Қазақстан металлургия және көмір саласынан республикамыздың негізгі шикізат базасы.
7. Теміртау қаласында толық циклды қара металлургия зауыты жұмыс істейді.
(АРСЕЛОР МИТТАЛ ТЕМИРТАУ)
8. Ірі тау-кен металлургия комбинаты Жезқазған мен Балқашта орналасқан. Кен өндіру, байыту, рафинадталған мыс өнеркәсібі жолға қойылған. Мыстың мұндай түрін тек Орталық Қазақстан шығарады. (Қазақмыс)
9. Қарғандының негізгі маманданған саласы-кокстелетін тас көмір өндіру ол Ресейдің Орал өңірі металлургия кәсіпорындарының негізгі жабдықтаушысы.

1. Орталық Қазақстан
2. Аудан
3. Өнеркәсібі
4. Қазақстанда
5. Қара металлургияның
6. Түсті металлургия
7. Сарыарқа
8. Машина жасау
9. Химия
10. Тамақ
11. Жеңіл
12. Ауыл шаруашылығы
13. Көлік
14. Теміржол



Астана

Қарағанды

Шалқар

Орталық Қазақстан

Тест сұрақтары

I - вариант

1. Орталық Қазақстан неше облыспен шектеседі?
 - а) 9
 - ә) 10
 - б) 4
2. Орталық Қазақстанда халықтың сирек қоныстанған ауданы?
 - а) Солтүстігі
 - ә) Батысы
 - б) Шығысы
3. О.Қ. қандай пайдалы қазбаға бай?
 - а) мұнай-газ,көмір
 - ә) көмір,мыс,маргенец
 - б) хром-никель
4. Қорғасын-мырыш өндіретін кәсіпорын қандай өндіріс бірлестігіне топтасқан?
 - а) Сарыарқа-полиметал
 - ә) Атасу-Аят
 - б) Теміртау-Қарағанды
5. экономикалық аудан қандай мал шаруашылығын дамытуға қолайлы
 - а) етті-сүтті ірі қара мен жылқы
 - ә) қой шаруашылығы
 - б) түйе шаруашылығы

Тест сұрақтары

II- вариант

1. Орталық Қазақстан қандай облыспен шектеспейді?

а) Ақмола ә) Маңғыстау б) Шығыс Қазақстан

2. Автомобиль жолының ұзындығы қанша км?

а) 7 375 мың км ә) 7 453 мың км б) 7 547 мың км

3. Орт Қазақстанның ірі қалалары.

а) Рудный, Лисаковск ә) Балхаш, Теміртау, Жезқазған

б) Кентау, Түркістан, Арыс

4. Орт Қазақстанның аумағы

а) 458,1 мың км кв ә) 428,0 мың км кв б) 438,0 мың км кв

5. Орт Қазақстанда балық зауыты қай қалада орналасқан?

а) Қарағанды ә) Жезқазған б) Балхаш

I - вариант

Тест жауаптары

1 - А

2 - Б

3 - Ә

4 - А

5 - Ә

ТЕСТ ЖАУАПТАРЫ

II - вариант

ТЕСТ

1 - ө ЖАУАПТАРЫ

2 - А

3 - ө

4 - ө

5 - Б



Үй тапсырмасы

Орталық Қазақстанның шаруашылық
географиясы